

«Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ-нің 30 сәуір 2024 жыл №4 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар -34
Қатыспағандар -2
Қатысуға тиіс -36

Күн тәртібінде:

1. «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы / Б.Ш.Омаров /

Тыңдалды: лицей-интернат директоры Б.Ш.Омаров

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып, лицей-интернат қызметін өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 03-21 мамыр аралығында болып бекітілсін.
3. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талабына талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Хатшысы



Б.Ш.Омаров

А. Дузимова